«№56 «Жұлдыз» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

# 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ОҚУ – ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

## Мектеп жасына дейінгі мекемеге қысқаша мінездеме

## №56 «Жұлдыз» бөбекжайы МКҚК

**Мекен жайы:** Ақтау қаласы 28 шағынаудан, 45 ғимарат
**Құрылған жылы:** 2006 жылы , 5 ақпан
**Меншік түрі:** мемлекеттік

**БИН:** 060240006096

**Мекеме басшысы:** Иманалиева Айгуль Шабазовна
**Санаты:** жоғары
**Жұмыс телефоны:**40-47-63
**Ұялы телефоны:** 87784560948

**Әдіскер:** Кульжанова Бакитжамал Дакеновна
**Санаты:** жоғары
**Жұмыс телефоны:** 40-47-63
**Ұялы телефоны:** 87755527175

**Әдіскер:** Рамадинова Меруерт Куанышовна
**Санаты:**
**Жұмыс телефоны:** 40-47-63
**Ұялы телефоны:** 87084988940

**Қызметкерлер саны:** 69
**Педагог саны:** 36
**Тех. қызметкерлер саны:** 33
**Топ саны:** 12
**Жобалық сыйымдылығы:** 320
**Бала саны:** 316
**Оқыту тілі:** қазақша

Бекітемін ____________
№56 «Жұлдыз бөбекжай»
ЖБҚ МКҚК директоры
Иманалиева А.Ш
«01» қыркүйек 2023ж

## 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары

**Мақсаты:** Жаңа технология элементтерін пайдалана отырып ұлттық мәдениет пен салт –дәстүрді бала тәрбиесінде кеңінен қолдану, тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңғырту.

**Міндеттері:**

1. Балалардың бойына ұлттық құндылықтарды дарытып , рухани бай мұраларымызды бойына сіңіру.
2. Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды жан –жақты дамытып, тұлғасын қалыптастыру.

| | Бөлімдер | Айлар | | | | | | | | | Жауапты маман | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 9 | 10 | 11 | 12 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | | |
| Салауатты өмір салтын қалыптастыру | **Дене шынықтыру ҰОҚ (ДШ)**<br>Кіші жас тобында 2, ортаңғы, ересек, мад топтарында 3 | ҰОҚ | ҰОҚ | ҰОҚ | ҰОҚ | ҰОҚ | ҰОҚ | ҰОҚ | ҰОҚ | ҰОҚ | Әдіскер, ДШ жетекшілері, тәрб. | ҰОҚ үлгілік оқу жоспарына сәйкес |
| | **Режимдік сәттер (РС)**<br>Таңғы жаттығулар<br>Серуенді бақылау<br>Ұйқыдан ояну жаттығулары<br>Күннің екінші жартысы | РС | РС | РС | РС | РС | РС | РС | РС | РС | Әдіскер, медбике | РС күн тәртібіне сәйкес үнемі |
| | **Денсаулық күндері (ДК)**<br>1.Дені сау ұрпақ-елдің болашағы<br>2. Шынықсаң шымыр боларсың<br>3.Спорттық ұлттық ойындар | | ДК | | ДК | | | | ДК | | Әдіскер, ДШ жетекшілері, тәрб. | Ата-аналарға кеңес (ортаңғы, ересек топтар) |
| | **Дене шынықтыру сауық кештері (ДШС)**<br>1. Күштілер, мықтылар,ептілер (эстафеталық ойындар)<br>2. «Сильные , ловкие, смелые» (Ақтау қалалық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі ММ)<br>3. Спорттық билер (флешмоб) | ДШС | | | | ДШС | | ДШС | | | Әдіскер, ДШ жетекшілері , тәрб. | Тақырыбы мен өткізу түрі жылдық міндеттерге сәйкес |
| | **Дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)**<br>«Тәуелсіздік ұландары»<br>Наурыз мерекесі «Ханталапай» ұлттық ойыны | | | | ДШМ | | | ДШМ | | | Әдіскер, ДШ жетекшілері тәрб. | Тақырыбы мен өткізу түрі жылдық міндеттерге сәйкес |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Рацоналды кеңестірілген тамақты ұйымдастыру (РТТ)**<br>1.Балалардың тамақтануына рұқсат етілген тағамдардың тізімі<br>2.Балаларғы тамақтануды ұйымдастыру<br>3.Рационалды тамақтану негіздері<br>4.Күндеклікті сынама алу бойынша ұсыныстар<br>5. «Дұрыс тамақтану –денсаулық кепілі» ата-аналарға кеңес<br>6. Тәрбиешілердің көмекшілерге кеңес беруі<br>7.Көктемгі витамин тапшылығын қалай алдын алуға болады.<br>8. Дұрыс және тиімді тамақтану.<br>9. Көкөністер мен жемістердің пайдасы | РТТ | РТТ | РТТ | РТТ | РТТ | РТТ | РТТ | РТТ | РТТ | Директор, медбике | Санитарлық ережелер |
| | **Медициналық педагогикалық бақылау (МПБ)**<br>1. Бөбекжай қызметкерлерінің жеке гигиенасы<br>2.Балалардың бөбекжайға бейімделуін қадағалау<br>3.Бөлме топ алаңдарының санитарлық жағдайы<br>4.Санитарлық гигеналық тәртіптің сақталуы. (сабақтар өтетін орындардың жағдыйы, жабдықтар, спорттық киімдер және аяқ киімдер)<br>5. Қысқы шынығуды ұйымдастыру<br>6. Балалардың жеке бас тазалығының сақталуын қадағалау.<br>7.Балалардың жыл мезгілдеріне сай киімдерінің ыңғайлы болуын қадағалау.<br>8. Бөбекждайда таза ауа тәртәбәнәі сақталуы<br>9.Баланың дамуын тексеру | МПБ | МПБ | МПБ | МПБ | МПБ | МПБ | МПБ | МПБ | МПБ | Әдіскер, медбике , тәрб. | Үнемі |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Кадрлармен жұмыс** | **Педогогтарды аттестат таудан өткізу (ПА)**<br>1. ПА №1 аттестаттау комиссиясы отырысы. Аттестаттау ережесімен таныстыру<br>2.ПА Педогогтерге әдістемелік көмек көрсету<br>3.ПА Баспаларға материалдар жіберу.<br>4.ПА№2 Аттесттаттау комиссиясы отырысы.Портфолио дайындау ережесін қадағалау | ПА | | ПА | | | ПА | | ПА | | Әдіскер | Жоспарға сәйкес |
| | **Біліктілікті арттыру (БА)** | Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Оқу –әдістемелік орталығы» жұмыс жоспары бойынша. | | | | | | | | | Әдіскер | Жоспарға сәйкес жүргізіледі |
| | **Жас мамандармен жұмыс. (ЖМЖ)**<br>1.Жаңа оқу жылына топтарды дайындауға көмек. Жетекші мамандар бекіту.<br>2. Дөңгелек үстел. «Мамандығым мақтанышым»<br>3. Кеңес. «М.Монтессори технологиясының маңызы».<br>4. Тренинг. «Тәрбиеші болу зор бақыт»<br>5. Кеңес. «Баланың танымдық құзіреттілігін ойын арқылы дамыту»<br>6. Кеңес «Бала саусағын ойната отырып тілін дамытайық»<br>7. ЖМЖ. Жас мамандардың тәлімгерлері оқу қызметтерін қарауы. | ЖМЖ | | ЖМЖ | ЖМЖ | ЖМЖ | | ЖМЖ | ЖМЖ | ЖМЖ | Тәлімгерлер | Жас мамандармен жұмыс жоспарына сәйкес |
| | **Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері (АК)**<br>1. Бірінші тоқсандық есеп беру оқу іс-әрекеті.<br>2. Қалалық «жетістіткер апталығы»<br>3. Аралық қорытынды<br>4. Қалалық семинар. Тақ:«Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың маңыздылығы».<br>5. Есеп беру, қорытынды оқу іс-әрекеті. (барлық топтар) | | | АК | АК | АК | | АК | АК | | Әдіскерлер, мамандар,тәрбиешілер. | Білім беру процесінің ҰОҚ, ойын әрекеті, тақырыптық, ОҚ, ертеңгіліктер т.б. |
| | **Шығармашылық топ жұмысын жоспарлау,талқылау,бекіту. (ӘК)**<br>1.Жетістіктер апталығына дайындық. | | | ӘК | | | | ӘК | | | Әдіскерлер | Жоспарды талқылау және бекіту |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2. ӘК Қалалық семинарға дайындық. | | | | | | | | | | | |
| Әлеуметтік жұмыс | **Педагогикалық кеңес (ПК)**<br>1.ПК №1 Тақ: «Жаңа оқу жылы- жаңа бағыттар»<br>2.ПК №2Тақ: «Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ойын арқылы дамытушы қауіпсіз орта құру»<br>3. ПК №3Тақ:«Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру»<br>4. ПК №4 Тақ:«2022-2023 оқу жылының қорытынды нәтижелері» | ПК | | | ПК | | ПК | | | ПК | Әдіскерлер | Педагогикалық кеңес туралы ереже негіздері |
| | **Ата-аналармен ықпалдастық АЫ**<br>1.Жаңа оқу жылының міндеттері жайында «Ата-аналар жиналысы»<br>2. Спорттық мерекелер ұйымдастыру<br>3. «Алғыс айту» жәшігі<br>4.Ата-аналарды сенбілікке қатыстыру<br>5. Оқу жылының қорытындысын шығару. (жалпы балабақша бойынша, топтарда) | | АЫ | | | АЫ | | АЫ | АЫ | АЫ | Директор, әдіскерлер, тәрбиешілер | Ата-аналардың жұмыс жоспарына сәйкес |
| | **Бірлескен іс-шаралар БШ**<br>1.«Білім бастауы-балабақшада»<br>2. «Күзбен қоштасу» ертеңгілігі<br>3. Көрме «Қазақстан-туған үйіміз»<br>4. «Жаңа әлемде-жаңа Қазақстан «Жаңа-жылдық ғажайып» ертеңгілік<br>5.«Қош келдің Әз-Наурыз»<br>6. «Достығымыз жарасқан»<br>7. Ертеңгілік «Қош бол,сүйікті балабақшам» | БШ | БШ | БШ | БШ | | | БШ | | БШ | Әдіскер, тәрбиешілер | Жоспар бойынша жүргізілу |
| | **Мектеппен сабақтастық (МС)**<br>1.№10,11,1,4 топ балалары мен мектепке саяхат<br>2. МС Балаларды мектепке дайындау | МС | | | | | | | | МС | Әдіскер Тәрбиешілер | Әр МДҰ мектеппен жұмыстың түрлерімен әдістерін өз бетінше |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | жоспарлайды. |
| **Бақылау мен басшылық** | **Салыстырмалы бақылау (СБ)**<br>Оқу жылының басымен салыстырғандағы балалардың Өзін-өзі қызмет көрсету дағдыларының жай-күйі (Кіші топтар) | | | | | СБ | | | | | Әдіскер | |
| | **Тақырыптық бақылау (ТБ)**<br>1. Топтардың оқу жылына дайындығы.Табиғат бұрышының жабдықталуы<br>2. «Мектепалды даярлық топтарындағы материалдық(көрнекіліктерді)база» 11,10,14 топтар<br>3. «Мектеп жасына дейінгі балалар өміріндегі рөлдік ойындар» (Барлық топтар)<br>4.Әдістемелік және дидактикалық қолдау.<br>5.Ата-аналармен жұмыс факторларының өзгеруі | ТБ | ТБ | | | | ТБ | | ТБ | ТБ | Әдіскер | |
| | **Жедел бақылау(ЖБ)**<br>1. Құжаттарды тексеру (Барлық топтар)<br>2. Күн тәртібін сақтау (Барлық топтар)<br>3.Күні бойы дене шынықтыру және денсаулық жұмыстарын жоспарлау<br>4. Серуенді ұйымдастыру (Барлық топтар)<br>5. Топтардағы тамақтануды ұйымдастыру (М.Д.кіші жас тобы)<br>6. Ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары (барлық топтар)<br>7. Оқыту-тәрбиелеу жұмысын бақылау (Циклограмма,кеңестер) ҰОҚ<br>8. Ата-аналармен жұмыс(Барлық топтар)<br>9. Жұмыс жоспарының орындалуы жас ерекшеліктері бойынша. | ЖБ | ЖБ | ЖБ | ЖБ | ЖБ | ЖБ | ЖБ | ЖБ | ЖБ | Әдіскер | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Мониторинг (М)**<br>1. Бастапқы<br>2.Аралық<br>3.Қорытынды | М | | М | | | | | М | Әдіскер | |
| | **Өндірістік жиналыс (ӨЖ)**<br>1№1 Жаңа 2022 – 2023 оқу жылының жылдық жоспары мен таныстыру.<br>Азық – түлік өнімдерінің сапасын бақылау, талдау<br>2. «Терроризмге қарсымыз!»<br>(баяндама)<br>Балаларда иммунитет қалай қалыптасады? (кеңес)<br>3. МДМ өрт сөндіру қауіпсіздігін орындау шаралары 2022-2023 оқу жылындағы қаржылық есеп беру | | ӨЖ | | | ӨЖ | | ӘЖ | | Директор | |
| | **Әкімшілік жиналыс (ӘЖ)**<br>1.Оқу жылына дайындық<br>2. Жылу беру мерзіміне дайындық<br>3. І тоқсанға жұмыс қорытындысы<br>4. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізуді ұйымдастыру<br>5. ІІ тоқсанға жұмысының қорытындысы<br>6. Топтар бойынша жасыл желектерді суару кестесін бақылау<br>7. Балабақша айналасын абаттандыру сенбілік ұйымдастыру.<br>8. Жылдық жұмыс қорытындысы. Жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыру. | ӘЖ | ӘЖ | ӘЖ ӘЖ | ӘЖ | ӘЖ | ӘЖ | ӘЖ | | Директор | |

Ақтау қаласы-2023 ж

# «№56 «Жұлдыз» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-ның 2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстарының есебі

«№56 «Жұлдыз» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-ның
2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстарының есебі

«№56 «Жұлдыз» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-ның материалдық – техникалық базасы талаптарға сай, топтар қажетті құралдармен толық жабдықталған, эстетикалық талғамға және балалардың жас ерекшеліктеріне сай әсем безендірілген.

Бөбекжайда ән-саз залы, дене тәрбиесі залы спорттық құралдармен және әдістемелік көрнекі құралдармен жасақталған. Сонымен қатар бөбекжайымызда ұлттық нақыштағы этнобөлме және кітапхана бөлмесі жабдықталған. Жас ерекшеліктері әр түрлі 12 топта балалар қазақ тілінде тәрбиеленуде. Бөбекжай баламен 100% аса қамтылған: жобалық қуаты – 320 орын, тізім бойынша – 320 бала, балалардың орташа қатысуы – 310-320 бала.

Педагог саны – 35. Оның ішінде директор, әдіскер, музыка маманы, бейнелеу маманы, дене шынықтыру маманы, хореограф, тәрбиешілер жұмыс жасайды.

| № р/с | Топтың № | Жас ерекшелігі | Топ | Бала саны | Оқыту тілі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | №3 | 2 – 3 жас | кіші жас | 25 | мемлекеттік |
| 2 | №5 | 2 – 3 жас | кіші жас | 25 | мемлекеттік |
| 3 | №1 | 3 – 4 жас | орта жас | 25 | мемлекеттік |
| 4 | №4 | 3 – 4 жас | орта жас | 25 | мемлекеттік |
| 5 | №6 | 3 – 4 жас | орта жас | 28 | мемлекеттік |
| 6 | №7 | 4 – 5 жас | ересек жас | 28 | мемлекеттік |
| 7 | №8 | 4 – 5 жас | ересек жас | 25 | мемлекеттік |
| 8 | №9 | 4 – 5 жас | ересек жас | 28 | мемлекеттік |
| 9 | №13 | 4 – 5 жас | ересек жас | 28 | мемлекеттік |
| 10 | №10 | 5-6 жас | МАД тобы | 27 | мемлекеттік |
| 11 | №11 | 5-6 жас | МАД тобы | 27 | мемлекеттік |
| 12 | №14 | 5-6 жас | МАД тобы | 27 | мемлекеттік |

Бөбекжай – жалпы білім беру жүйесінің алғашқы және өте маңызды баспалдағы болып табылады. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымының мақсаты: «Жаңа технология элементтерін пайдалана отырып ұлттық мәдениет пен салт –дәстүрді бала тәрбиесінде кеңінен қолдану, тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңғырту» 2022-2023 оқы жылына арналған міндеттері

1. Балалардың бойына ұлттық құндылықтарды дарытып , рухани бай мұраларымызды бойына сіңіру.
2. Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды жан –жақты дамытып, тұлғасын қалыптастыру.

Балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармаларынан әсер алуына ықпал ете отырып және мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді жетілдіруде еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтайтын,

мәдениетті дамытатын және ұлттық құндылықтарымен тәрбие беруді балабақша жұмысының басым бағыты ретінде алдық.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс – әрекеттер бекітілді.

2022-2023 оқу жылында «№56 «Жұлдыз» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-ның ұжымы төмендегідей **жылдық міндеттер** бойынша жұмыс істеді:

1) Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және күн сайын күн тәртібіне сәйкес шығармашылық әрекет, ойын әрекеті, заттық әрекеттері ұйымдастырылды.

2) үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде ауызекі байланыстырып сөйлесуін дамытып, мәдени қарым – қатынасты игертті.

**I жылдық міндет бойынша:**

Ұрпақ тәрбилеуде әрбір халықтың өзінің ұлттық ерекшеліктері бар. Бүгінгі күннің мақсаты – халықтық салт-дәстүрлерді зерттеу және оны тәрбие үрдісінде кеңінен қолдану.

Қиял елестерін, ерік қасиеттерін, шығармашылық қабілетін дамытып, рухани дүниесі бай тәртіпті – тәрбиелі өмірге деген көз қарасы дұрыс балаларды тәрбиелеу.

Осы уақыт ішінде балаларды отан сүйгіштікке, ұлтаралық достыққа, төзімділікке тәрбиеленді. Қазақстанда және Ақтау қаласында тұратын әртүрлі ұлттардың салт-дәстүрлерімен танысты, қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы білімдерін толықтырды. Ұлттық нақыштағы этнобөлме жабдықталды. Этно бөлмеде көне халқымыздың жәдігерлері мен қол өнер бұйымдары, әшекейлер, ұлттық киімдер мен аспаптар жинақталды.

**II жылдық міндет бойынша:**

Балалардың әлеуметтік тұлға ретінде дамуына жағдайлар жасалды: балабақшаға бейімделуге; қолайлы жағдайлар туғызуға; бала бойында өзіне, басқа адамдарға, қоршаған ортаға деген жақсы көзқарас қалыптастыруға, коммуникативтік және әлеуметтік құзырлылығына жағдайлар жасалған. Балалармен әр түрлі жұмыстар ұйымдастырылды, олар балабақшада өтіп жатқан қоршаған орта жайлы білімдерін дамытуға, әр түрлі (танымдық-әлеуметтік, тілдік, тәжірибелік) біліктіліктерін қалыптастыруға, әлемге деген танымдық-әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға ықпал ететін әртүрлі іс-әрекеттер мен жұмыстарға араласып отырды.

Балабақшада балалардың адамгершілік - патриоттық қабілеттірін дамыту үшін барлық жағдайлар жасалды, жоспарланған іс-әрекет барысында балалардың танымдық іс-қимыл тәртібін ұйымдастырудың түрлері және формалары танымдық іс-әрекет арқылы жүзеге асырылып, танымдық белсенділік, шығармашылық, мінез

– құлқының дағдылары қалыптастырылды. Кесте бойынша сабақтардың уақтылы жүргізіліп, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет ұйымдыстырылған іс – әрекеттері аптасына екі сағаттан жүргізіліп отырды. Балабақша аумағынан тыс жерлерге саяхаттар, мақсатты серуендер, т.б. іске асырылды.

Мемлекеттік стандарттың орындалуы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған. Білім беру жұмысы жоғары деңгейде жүзеге асырылады: Балабақшадағы мониторинг жұмыстарына оқу жылының басында барлығы 322 бала қатысты.

Жоғары деңгейде – 86, орташа деңгейде – 150, төменгі деңгейде – 86.

Оқу жылының соңында тәрбиеленушілердің білім деңгейінің артқаны анықталды: мониторингке қатысқан бала саны – 315.

Жоғары деңгейде – 167, орташа деңгейде – 128, төменгі деңгейде – 20.

Жылдық жоспардың міндеттері ата-аналармен және педагогтармен жұмыс түрінің барлық формалары арқылы жүзеге асырылды: педагогикалық кеңестер, тренингтер, ақыл-кеңестер, ойын-сауықтар, жиналыстар және т.б.

Мекемедегі педагогикалық-ұйымдастыру шаралары: ертеңгіліктер, сауықтырулар, мерекелер, саяхаттар, тақырыптық сабақтар, т.б. жылдық жоспарға сай жүргізілді.

**Әдістемелік жұмыс** қорытындылары.

Жылдық жоспарға сәйкес 4 педкеңес өтті, онда 12 мәселе қаралды.

**I Педагогикалық кеңес:** «Жаңа оқу жылы- жаңа бағыттар»

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау.
2. «Жаңа оқу жылының мақсат, міндеттерімен таныстыру»
3. «2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» баяндама

**II Педагогикалық кеңес:** «Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ойын арқылы дамытушы қауіпсіз орта құру»

1. «Ойын және инклюзивті орта құру» баяндама
2. «Спорт-сенің серігің» тренинг

**III Педагогикалық кеңес:** «Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру»

1. «Жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде балаларды толыққанды дамыту» баяндама
2. «Бала тәрбиесі- баршамызға ортақ, қауіпсіз өмір – басты мақсат» дөңгелек үстел
3. «Қазақтың ұлы ақындары» тақырыбына альбом дайындау.

**IV Педагогикалық кеңес:** «2022-2023 оқу жылының қорытынды нәтижелері»

1. «Педагогтардың оқу жылына қорытынды есебі»
2. «Жазғы шынықтыру-сауықтыру шараларының жоспарын құру»
3. «Қазақ халқының салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, мәдениетті қарым-қатынасты игерту»

Қалааралық, облыстық **семинарлардың өтілуі**

**Семинар тақырыбы:** «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі халықтық педагогикалық маңыздылығы»

**Мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына ұлттық құнидылықтарды дарытып, рухани бай мұраларымызды бойына сіңіру. Коммуникативтік-тілдік белсенділіктерін дамыту. Еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтайтын, мәдениетті дамытатын, өркениеттілікке өз үлесін қосатын патриот, жігерлі жас ұрпақ тәрбиелеу.

**1. Ұйымдастырылған іс – әрекет**

1.«Оюлар сыр шертеді» іс-әрекеті. №11 мектепалды даярлық тобы. Тәрбиеші: Еңсегенова Н, Уразбаева Ж.

2. «Ойнайық та ойлайық» іс-әрекеті. Нургалиева Г.Б.

**2. Ұйымдастырылған іс – әрекет**

1.«Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» тренинг№59 С.Шапағатов атындағы бөбекжай

2. «Шебер болу оңай ма?» іс-әрекеті. мектепалды даярлық тобы Тәрбиеші: Рамадинова М.Қ,Музыка пәні маманы: Айварқызы Н.

**3. Ұйымдастырылған іс – әрекет**

1.«Салт – дәстүрім-таусылмайтын байлығым» іс-әрекеті. №14 мектепалды даярлық тобы Ибрагимова А.А.№34 «Болашақ» бөбекжайы

2. «Ғажайып асықтар» іс-әрекет ересек тобы Тәрбиеші: Калинбаева Г.А, Мұңалбаева А.М

Қалалық **жетістіктер апталығы** ағымдағы жылдың 10 ақпанында өтті. Ашық көрсетілімге қаланың балабақшаларының 11 педагогы қатысты. Тәрбиеші-педагогтар ұйымдастырылған іс – әрекеттері мен шебер сынып өткізіп, әріптестерінің жақсы пікіріне ие болды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер «Оқу - әдістемелік орталығы»15 ақпандағы №12 бұйрығы негізінде «Өте жақсы» өтті деп бағаланды, біліктілік санаттарын көтеру кезінде бұл педагогтардың еңбегін ескеру бойынша ұсыныс айтылды.

| № | Педагог аты-жөні | Лауазымы | Тақырыбы | Тобы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Абилханова м А.А<br>Аминова К.М | Тәрбиеші<br>Тәрбиеші | «Түрлі түс – түрлі ойындар» | №7 «Ақжелкен» ересектер тобы |
| 2 | Нугманова Б.К<br>Имангалиева А.М | Тәрбиеші,<br>Тәрбиеші | «Жыл мезгілдеріне саяхат» | №8 «Айгөлек» ересектер тобы |
| 3 | Енсегенова н.Ш<br>Уразбаева Ж.Б | Тәрбиеші,<br>Тәрбиеші | «Оюлар сыр шертеді» | №11 «Аққу» МАД |
| 4 | Кесикбаева А.М<br>Акмурзаева Т.К | Тәрбиеші/<br>Саз жетекшісі | «Менің шебер қолдарым» шебер сынып | Педагогтермен |

**Қалалық семинар**

Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Оқу әдістемелік орталығы» 15.05.2023 жылы №111нқ бұйрығының негізінде «№57 «Ақбота»бөбекжайы» «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңа мазмұнын іске асыру жолдары» тақырыбында қауымдастық бірлестігінің семинары өткізілді. Семинарға Кесикбаева Амангуль Махановна «Құрғақ жүннен ши құрақ жасап үйоренейік» тақырыбымен педагогтерге шебер сынып өткізді.

Педагогтардың **шығармашылық тобы**ның жұмысы.

Оқу жылының басында шығармашылық топ мүшелері сайланды және жетекшісі болып тәрбиеші Кесикбаева А.М бекітілді. Шығармашылық топ жылдық жоспарға сәйкес барлық ұйымдастыру-педагогикалық шараларын өткізуге, шығармашылық топ оқу-тәрбие жұмысы барысында жас мамандарға көмек көрсетіп, тәлімгерлікпен айналысты.

Педагогтарды **аттестаттау**.

Қыркүйек айында 2022-2023 оқу жылында педагогтарды аттестаттаудың жұмыс жоспары құрылды, аттестатталуға өтініш берген педагог-тәрбиешілердің және аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілді. Жыл бойына аттестаттау ережелеріне сай жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

**Білім сатысы оқуы**

| № | Педоготардың аты-жөні | Тақырыбы | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Орынбасар Фатима Қыдыралиқызы | «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» | 22.08-01-09.2022ж |
| 2 | Нугманова Ботагоз Калидуллаевна | «Сурет салу және бейнелеу өнері» | 12.12-26.12.2022ж |
| 3 | Жумабаева Айдана Алибекқызы | «Баланы ерте дамыту бағдарлары» | 27.02-07.04.2023ж |
| 4 | Кульжанова Бакитжамал Дакеновна | «Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» | 17.04-27.04.2023ж |

**Әдістемелік бірлестіктерінің** жұмыстарының есебі.

2022-2023 оқу жылына «Жас маманмен жұмыс» жұмыс жоспары жасақталып, оқу жылының басындағы педкеңесте бекітілді. Жас мамандарға білікті жетекші мамандарды бекітті.

Жоспарға сәйкес жас мамандармен өтетін іс – шаралар бекітілді.

1. Енсегенова Н.Ш «Мамандығым - мақтанышым» тренинг
2. Муналбаева А.М «М.Монтессори технологиясының маңызы»
3. Имангалиева А.М «Баланың құзыреттілігін ойын арқылы дамыту» кеңес
4. Калинбаева Г.А «Тәрбиеші болу – зор бақыт» тренинг
5. Сыдықова Н.А «Бала саусағын ойната отырып, тілін дапмытайық» кеңес

Әдіскер Кульжанова Б.Д басшылығымен жас мамандармен жыл бойына жоспарлы және жүйелі жұмыс жүргізілді.

Педагогтардың **өз білімдерін көтеру** жұмыстары.

Оқу жылының басында педагогтардың сапалық құрамы анықталды, әрбір тәрбиешінің білімі, тәжірибесі, психологиялық тұрғыда бірлесе жұмыс жасай білуі ескеріле отырып тәрбиешілер жас ерекшеліктері әртүрлі топтарға бекітілді. Балабақшаның жылдық міндеттері аясында әрбір топтың жұмыс тақырыбы белгіленді. Әдіскер тарапынан педагогтарға білімдерін жетілдіру бойынша жұмыс жоспарын жасақтауға көмек көрсетілді.

Педагогтармен жұмыс келесі формада ұйымдастырылып, жүргізілді:

- Педагогтер педкеңестерде баяндама немесе хабарлама жасады;
- Педагогтерға ақыл-кеңестер көрсетілді, семинар өткізілді;
- Ата-аналарға ақыл-кеңестер жасалды, ата-аналар бұрыштарына хабарламалар жасалынды;
- Жыл бойына көрнекі құралдар толықтырылып отырды;
- Ашық сабақтар мен ашық көрсетілімдер өткізілді;
- Жоспарға сәйкес сазды шаралар, ойын-сауықтар өткізілді;
- Оқу жылының соңында педагогтардың шығармашылық есептер жасақталды.

**Педагогтардың 2022-2023 оқу жылындағы баспасөздегі материалдарының таратылуы.**

Акмурзаева Татьяна Коспаевна (музыка маманы) «Балалар аққалаға қалай көмектесті» **Тағылым республикалық ғылыми – әдістемелік журналы** №02(109) ақпан 2023ж

Абилханова Айгул Амантаевна (тәрбиеші) «Оюлар сыр шертеді» **Тағылым республикалық ғылыми – әдістемелік журналы** №02(109) ақпан 2023ж

Айварқызы Несібелі (музыка маманы) «Алтын күз» **Тағылым республикалық ғылыми – әдістемелік журналы** №02(109) ақпан 2023ж

Бекмурзаева Жанар Серікқызы (хореограф) «Балабақшада би өнерінің балаларды тәрбиелеудегі маңызы» **Тағылым республикалық ғылыми – әдістемелік журналы** №02(109) ақпан 2023ж

Қаршығаева Гүлменнұр Қажымұқанқызы (тәрбиеші) «Үй жануарлары» **Тағылым республикалық ғылыми – әдістемелік журналы** №02(109) ақпан 2023ж

Нугманова Ботагоз Калидуллаевна (бейнелеу маманы) «Қысқы аяз өрнегі» **Тағылым республикалық ғылыми – әдістемелік журналы** №02(109) ақпан 2023ж

Садыкова Жансая Абубакирқызы (тәрбиеші) «Аққала бізде қонақта» **Тағылым республикалық ғылыми – әдістемелік журналы** №02(109) ақпан 2023ж

Туркменбаева Ардак Бекбулатовна (тәрбиеші) «Асық – ұлттық мұрамыз» **Тағылым республикалық ғылыми – әдістемелік журналы** №02(109) ақпан 2023ж

Утесинова Гулмира Жарылгаповна (тәрбиеші) «Түрлі түс – түрлі ойындар» **Тағылым республикалық ғылыми – әдістемелік журналы** №02(109) ақпан 2023ж

**5. Жас мамандар**мен жұмыс.

Мекемеде педагогтар құрамының 22,8 пайызы жас мамандар. Жылдық жоспарға сай жас мамандарға жүйелі түрде әдіскер мен шығармашылық топ тарапынан ақыл-кеңестер және әдістемелік көмектер көрсетілді: топтардағы құжаттарды талапқа сай рәсімдеу, жаңа бағдарламаларды енгізу, оқу іс-әрекетіне дайындық, сабақтарға және күн тәртібіндегі сәттерге өзара қатысу бойынша, озат іс-тәжірибені зерттеу, өз білімін жетілдіру, ата-аналармен жұмыс жүргізу, ұйымдастыру-педагогикалық шараларды жүргізу бойынша, т.с.с. Сонымен қатар жас мамандар балабақшаішілік ашық іс - әрекеттерге, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, қалалық семинарларға қатысып өз білімдерін жетілдірді. 2022-2023 оқу жылына жас мамандармен жұмыс жоспары жасақталды

| № | **Жұмыс мазмұны** | **мерзімі** | **жауаптылар** | **орындалуы** |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Дөңгелек үстел. «Мамандығым мақтанышым» | қазан | Енсегенова Н.Ш, жас мамандар | Әдістемелік сағат |
| 2 | Кеңес. «М.Монтессори технологиясының маңызы» | желтоқсан | Муналбаева А.М, жас мамандар | Әдістемелік сағат |
| 3 | Тренинг. «Тәрбиеші болу зор бақыт» | қаңтар | Имангалиева А.М, жас мамандар | Әдістемелік сағат |
| 4 | Кеңес. «Баланың танымдық құзіреттілігін ойын арқылы дамыту» | Қараша-сәуір | Калинбаева Г.А жас мамандар | Әдістемелік сағат |
| 5 | Кеңес «Бала саусағын ойната отырып тілін дамытайық» | ақпан | Сыдықова Н.А жас мамандар | Әдістемелік сағат |
| 6 | ЖМЖ. Жас мамандардың тәлімгерлері оқу қызметтерін қарауы. | сәуір | әдіскер | Әдістемелік сағат |

**9.** Облыстық, қалалық **сайыстардағы** (I, II, III орын) жеңімпаз педагогтар туралы мәлімет.

1. Қалалық «Шымырлық пен шеберлік күні» сырттай байқауында «Ханталапай» бөлімі бойынша **«Ең алғыр бүлдіршіндер»** номинациясымен педагогтер Акмурзаева Татьяна, Ниязкулова Эльмира, Муналбаева Алима марапатталды.

2. Қалалық «Шымырлық пен шеберлік күні» сырттай байқауында «Әке көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер» бөлімі бойынша **II орын** Мырзабек Сандуғаш, жетекші педагогтер Утесинова Гулмира, Бекмурзаева Жанар.

3. Облыстық «Шымырлық пен шеберлік күні» сырттай байқауында «Әке көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер» бөлімі бойынша **III орын** Мырзабек Сандуғаш, жетекші педагогтер Утесинова Гулмира, Бекмурзаева Жанар.

4. Қалалық мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған «Жауқазын» шығармашылық өнер фестивалі **«Ең көңілді бишілер»** номинациясы, жетекшісі Бекмурзаева Жанар.

5. Қалалық «Жас толқынның жұлдыздары» шығармашылық би байқауында **«Талантты бүлдіршіндер»** номинациясы, жетекшісі Бекмурзаева Жанар

**10. Қорытынды.**

«№56 «Жұлдыз» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК 2006 жылдан бастап жұмыс жасайды. Тәрбие мен білім беру жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілуде, оқу жылы кезеңінде педагогикалық ұжым көптеген нәтижелерге жетті. Республикалық, облыстық, қалалық деңгейлерде орындар балып, қалалық облыстық, қалалық семинарлар өткізілді.

Келер жаңа оқу жылына бөбекжайдағы балалардың білім деңгейінің сапасын көтеру мен қатар, топтардың ойын арқылы бұрыштарын толықтыру, педагогтердің біліктілік дағдыларын көтеру мақсатқа қойылды.